

«№5 «Аққу» бөбекжай бақшасы» КМҚК

**«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша музыка
ұйымдастырылған оқу қызметі
№1 мектепалды даярлық «Ақжелкен» тобы.
Саз жетекші Акинова.А.Х.**

Атырау 2022 жыл

Мектепалды даярлық топ балаларының музыка бөлімі бойынша құрастырылған ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің конспекті.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің түрі: Музыка

ҰОҚ тақырыбы: «Біз мектепке барамыз!»

Мақсаты:

Балалардың бір жылда алған білімдерін тиянақтау, таныс би қимылдарын дұрыс орындай білу, оларды атынан тани білу, өзбетімен қимылдарды орындай білу.

Музыкалық шығарманы тыңдау, әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру, оқуға деген ынта –ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру. Таныс ән, шығармаларды тану, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау әнді қуанышты, шаттана, көпке ілесе орындауға баулу.

Ойындарда эмоциясын ояту. Балалардың ноталарды тануын, музыкалық аспаптарға деген қызығу ытуға, мінезіне қарай ажырата білуге үйрету. Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Интерактивтік тақта, тақырыпқа қатысты слайдтар, музыкалық аспаптар, аспаптардың суреттері, ноталардың суреттері.

Сабақтың жүрісі:

I. Залға кіру.

Балалар «марш» екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шығып шеңбер жасап тұрады, музыка жетекшісі балалармен әнменен амансадады.

Ән: «Қайырлы таң!» муз. Аитова Л.З

II. Музыкалық ырғақтық қимылдар.

Балалар әуеннің ырғағымен би қимылдарын орындайды. «Жеңіл секірулер», «қырынан секіру», «атқа мініп шабу» қимылдарын жасап билеп алады.

Марш музыкасымен орындақтарына ұарай барады, орындақтарына отырады.

III. Тыңдау

Саз жетекші балаларға таныс әнді тыңдауға ұсынады.

Тыңдау: «Қамажай» қазақтың халық әні.

Саз жетекші сұрақтар қояды:

-Балалар, сендердің жаңа тыңдаған әндерің қалай аталады?

Балалар: Бұл қазақтың халық әні «Қамажай» әні!

Саз жетекші: Дұрыс айтасыз балалар! Бұл «Қамажай» әні.

Қамажай деген кім ол?

Бала: Қамажай деген ол қыздың аты.

Саз жетекші: Иә балалар... Бұрында қазақтың кең даласына бір әдемі қыз дүниеге келген екен, ол қыздың аты Қамажай болған екен. Қамажай-өте өнерлі қыз болып өскен екен, ол халықтың алдында өте жақсы ән салып, билейтін болған, халықты өз өнерімен талай таң қалдырған екен... Халық сол үшін Қамажай деген қызды жақсы көріп қалған, оған арнап ән шығарған. Содан бері бірнеше жылдар өтсе де бірақ Қамажай деген әнді осы күнге дейін барлығы тыңдайды, таниды, жақсы көреді.

III. Ән салу.

Дауыс жетілдіру жаттығулар. «миа» «Дон-диги-дон

Ноталар туралы слайдтар көрсету.

С.Ж: Балалар мынау ненің суреті?

Балалар: Бұл нота сызығы!

С.Ж: Ал нота сызығының үстінде нелер тұрады:

Балалар: Ноталар!

С.Ж: Бір октавада неше нота тұрады?

Балалар: 8!

С.Ж: Дұрыс айтасыз балалар! Ал кім маған ноталарды атап береді?

Балалар хормен: ДО, РЕ, МИ, ФА, СОЛЬ, ЛЯ, СИ, ДО!

С.Ж: Балалар; ал сендер ноталар туралы ән білесіңдерме?

Балалар: Иә! Білеміз.

Балалар орындарынан тұрып таныс ән «До-ре-ми» муз. Ө. Байділдаевтың орындайды.

«Балдырғандар әні» муз. Б. Дәлденбай.

Әннің ырғағымен жеңіл би қимыларды қосып балалар жаңа әнді орындайды.

Әнді жеңіл дауыспен орындауға талпынады, сөздерін анық айтады.

IV. Музыкалық дидактикалық ойын: «Ырғақты сурет»

Балалар слайдтарға қарап суреттегі ырғақты шапалақтап береді.

Үлкен – ол ұзын нота, қысқа – ол қысқа нотаны білдіреді.

V. Музыкалық аспаптарды ойнау:

Оркестр: Л. Делиб «Пиццикатто»

Балалар «Пиццикато» шығарманың сүйемелдеуімен

металлофон, қоңыраулар, дабыл, сыңғырлайтын ұшбұрыш музыкалық аспаптарында ойнайды.

Оқу қызметін қорытындылау.

Саз жетекші: Балалар, сендер бүгінгі оқу қызметінде не қайталадыңдар?

Не үйрендіңдер?

Қандай ырғақты қимылдар орындадыңдар?

Балалар жауап береді: жеңіл секірулер, атқы мініп шабу қимылын орындадық!

Саз жетекші: Қандай музыкалық шығарма тыңдадыңдар?

Балалар: Қазақтың халық әні «Қамажай» әнін тыңдадық.

Саз жетекші: Қамажай деген кім ол?

Балалар: Қамажай деген ол қыздың аты.

Саз жетекші: Нота сызығының үстінде нелер тұрады?

Балалар: Ноталар!

Саз жетекші: Бір октавада неше нота болады екен?

Балалар: 8 нота!

Саз жетекші: Балалар сендер жана қандай музыкалық аспаптарда ойнадыңдар?

Балалар: Металлофон, қоңырау, маракастар, сыңғырлайтын ұшбұрыш!

Саз жетекші: Балалар, осымен біздің осы жылының ең соңғы оқу қызметіміз аяқталды, мына жылы сендер мектепке барасыңдар, үлгілі жақсы оқушылар болуларыңа мен тілектеспін! Сау болыңдар!

Балалар әндетіп музыка апайымен қоштасады. залдан марш музыкасымен шығып кетеді.